

- Салыстырмалы сипаттамасы
- Иллюстрациялармен тапсырмалар
- Бір және бірнеше дұрыс жауаптардан бар тапсырмалардан дұрыс жауапты таңдау.
- Тірек сөздерінен мәтін құрастыру тапсырмалары
- Қосымша тапсырмалар, жіберілген сөздерді, терминдерді қою
- Ашық жауап формасымен тапсырмалар
- Жауапты жалғастыру тапсырмалары
- Оқиғалар, құбылыстар кезектілігін анықтауға тапсырма [3].

Практикалық жұмыстардың көмегімен оқушылар нақты табиғат құбылыстарын бақылап, сезініп, оларды өз тәжірибесімен байланыстырады. Бақылау, салыстыру, тәжірибе жасау, табиғаттағы өзгерістерді күнделікке түсіру, шағын зерттеулер жүргізу сияқты әрекеттер – баланың зерттеушілік қабілетін, экологиялық мәдениетін, адамгершілік жауапкершілігін дамытады. Бұл балалардың қоршаған ортаға деген эмпатиясын, жанашырлығын және саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Сонымен қатар, практикалық бағыттағы тапсырмалар мен жобалар оқушылардың көпқырлы дағдыларын дамытады: тілдік қорын байытады (әңгімелеу, сипаттау), логикалық ойлауын жетілдіреді (талдау, қорытынды жасау), шығармашылық белсенділігін арттырады (ертегі жазу, сурет салу, модель жасау). Яғни, мұндай жұмыстар пәнаралық байланысты жүзеге асырып, оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді. Практикалық жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлем туралы білімдерін терең әрі берік меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тек танымдық емес, сонымен қатар тәрбиелік мақсатты да жүзеге асырады. Табиғатты сүйін, оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу бала бойында ерте жастан қалыптасуы тиіс. Осы бағытта мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуі, оқытудың белсенді әдістерін қолдануы – сапалы білім берудің кепілі.

Мұғалім практикалық жұмыстарды ұйымдастырушы, бағыттаушы және шабыттандырушы тұлға болуы тиіс. Ол әр оқушының қызығушылығы мен қабілетіне қарай жеке тәсіл қолдануы қажет. Сонымен қатар, мұғалім балалардың қауіпсіздігін сақтауды да басты назарда ұстауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта туралы білімдерін практикалық жұмыстар арқылы қалыптастыру – олардың болашақ өмірге деген көзқарасын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға ықпал етеді. Практикамен бекітілген білім әрқашан есте ұзақ сақталады және шынайы өмірде қолдануға жеңіл болады. Сондықтан да бастауыш сыныпта теория мен тәжірибенің үйлесімі аса маңызды.

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларына арналған практикалық жұмыс түрлері қоршаған әлем туралы білімді терең әрі берік қалыптастырып қана қоймай, баланың тұлғалық дамуына, оның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды. Бұл – болашақта экологиялық сауатты, саналы азамат тәрбиелеудің алғышарты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жоламанова, Г. Бастауыш мектепте экологиялық тәрбиенің негіздері. Алматы: Рауан- 2020. – 156 б..
2. Сарсенбаева Д. Қоршаған орта туралы білімді қалыптастыруда практикалық жұмыстардың рөлі. Білім беру кеңістігіндегі зерттеулер, - №2(15). - Б. 45-50.
3. Қоршаған әлемді оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы/ Алипбаева Г. А., Нурова А. К. – Қостанай: ҚМПУ баспасы, 2019. – 135 бет.

ӘОЖ:373.31

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу мақсаттарын жүзеге асыру

Досова Л.А.¹, Куанышбекова Г.Е.², Сабенова Ж.А.³

^{1,3}Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
²№5 қосымша білім беру мектеп-орталығы, Қарағанды, Қазақстан

Мақсатты тұжырымдау және мақсаты қоя алу педагогика ғылымы мен практикасының іргелі мәселелерінің бірі болып табылады. Мақсатты тұжырымдау дегеніміз – балалар мен ересектерді

тәрбиелеу мақсатын іздеу, байланыстыру, анықтау, қалыптастыру. Ал мақсат қою мақсаттарды заңдастыру, мемлекеттің педагогикалық саясатында ресми бекіту, заңды, нормативтік мәртебе беру.

Философиялық тұрғыдан қарағанда адамның іс-әрекеті мақсатсыз болмайды. Ғылымда мақсат – іс-әрекет нәтижесінің алдын ала бейнеленуі. Уикипедия ашық энциклопедиясындағы мәлімет бойынша: мақсат – белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-санадағы көрінісі. Мақсат ойлау нәтижесінде болашақты алдын ала болжау арқылы туатын мұрат, ішкі қозғаушы күшті білдіреді. Мақсатқа жету үшін әр түрлі іс-әрекеттер мен қимылдар жасалады. Мақсат түрлері: 1) нақтылы мақсат – іс-әрекеттің тікелей нәтижесі, заттың бейнесі; 2) абстрактілі мақсат – талаптану, яғни жалпыға бірдей игілікті көксеу және соған жету үшін қызмет ету. Ежелгі гректердің табиғат философиясында мақсат әлемдік ақыл-ой заңдылығы жөніндегі ілімге байланысты зерттелді. Олар мақсатты адамдардың іс-әрекетін бейнелейтін ұғым ретінде қарастырылып, өзара күрделі қатынаста болатын бірнеше түрін анықтады. Сократ әрбір жеке қимылдың мақсаты осы жеке мақсаттарға ішкі түрткі болатын түпкілікті немесе жалпы мақсат дейді. Аристотель заттар мен құбылыстардың ішкі мәні, белгілі мақсатта өмір сүруі адамға ғана емес, бүкіл дүниеге тән қасиет деп түсіндіреді. Кант мақсатты адамдар әрекетінің нәтижесі ретінде қарады. Сондықтан, мақсаттың логикалық, танымдық мәселелерін адам өмірінің негізгі мәселесі ретінде, этикалық-гуманистік іліммен байланыста зерттеді. Гегель мақсатты “өзіндік” және “өзі үшін” деген принциппен екіге бөліп, біріне табиғаттың белгілі бір мақсатқа бағынып өмір сүруін жатқызса, екіншісіне саналы түрде іске асатын, адамдар әрекетіне тән құбылыстарды жатқызды [1, VI том].

Қазақстандық білім беру жүйесі жалпы білім беретін мектептегі білім беру үрдісі мен мазмұнын ұйымдастырудың жаңа тәсілдерінде құрылған жаңаша білім беру моделіне көшуде. Бұл жаңа бағыт оқудың нәтижесін алдын ала болжап және сол арқылы оқушылардың өзін-өзі дамытуға қатысуына мүмкіндік береді. Жаңа педагогикалық жүйе қалыптастырған еңбектер мен зерттеулерде қазақстандық мектептердің болашағына игі ықпалын тигізер жолдар мен бағыттар көрсетілуде. Оқушыны білім беру үдерісінің нысаны ғана емес, сол үдеріске қатысушы маңызды субъектісі деп санап, оның ана тілінде терең ойлай алуы мен шебер сөйлеуін, сауатты жазу тілін дамытып, оқу барысында алған білімі мен игерген дағдыларын өмірдің қажетті жағдаяттарына сай әрі дұрыс қолдана алатын дәрежеге жеткізу жаңартылған білім мазмұнының міндеттері. Сондай-ақ, оқушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мен, мақсатты жаңартуға аса көңіл бөлінді. Бүгінгі әлеуметтік, тарихи өзгерістер аясында оқушылардың сұраныстары мен заманауи жанашылдықтардың жағдайында дәстүрлі оқытудың мақсаттарының да жаңаруы мен өзгеруі қажет.

XXI ғасырдағы қазақстандық мектептегі оқыту мақсаттарын өзгертудің қажеттілігі заманауи педагогиканың бүгінгі бағдарымен негізделіп отыр, яғни пәндік нәтижеге негізделген білімнің бүгінгі білім беру жүйесінде маңыздылығы азаюда. Тұлғаға бағдарланған білім беру жаңа білімді жүзеге асыру, тәжірибе жасау және құндылықтарды дамытуға негізделген білім беруді қарастырады. Мектептегі білім берудің мақсаттар жүйесінің өзгеруі бойынша Қазақстан халықаралық деңгейдегі зерттеулерге қатыса отырып, білім мазмұнын жаңарту аясында бірқатар құжаттар қатарын реттеді. Мақсаттың өзгеруі келесі әдістемелік аспектілерге байланысты: білім мазмұны мен білім беру үрдісінің нәтижелері құзыреттерге қол жеткізу тұрғысынан ұйымдастырылады. Халықаралық білім беру тәжірибеде тұжырымдамалық идеяларды жүзеге асыру тәжірибесі таратылып, нәтижеге бағытталған білім беру моделі деп аталуда. Нәтижеге бағытталған білім беру моделінің маңызды ерекшелігі мектептегі білім беру үрдісін ұйымдастыруда құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға негізделген және келесі бағыттармен сипатталады:

- мектептегі білім берудің барлық деңгейлерінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары ретінде білім берудің жалпы ортақ мақсаттарын анықтау;
- оқыту мен тәрбиелеудің күтілетін нәтижелері түрінде түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын құру үшін көпдеңгейлі мақсаттар жүйесін құру;
- мектептегі оқытудың әр сатысында оқушылардың қабілеттері мен білімділік қажеттіліктерін ескере отырып білім беру мазмұнын реттеу;
- мектептің, аймақтың, жалпы білім беру жүйесі даму үшін басқарушылық шешімдер қабылдау құралы ретінде білім сапасы мониторингін қамтамасыз ету [2, 74 бет].

Нәтижеге бағытталған білім беру моделін жүзеге асырудың ерекшеліктеріне білім беру мазмұнының негіздері ретінде мақсатты тұжырымдаудың жаңа тәсілдері жатқызылады:

1. Мектеп бітірушісінің базалық құндылықтары түрінде ұлттық деңгейдегі білім берудің ортақ мақсаттарын құру.

2. Әр білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелерін анықтау.
3. Оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша оқытудың күтілетін нәтижелерін белгілеу.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген мемлекеттік жапыға міндетті бастауыш білім берудің стандартының «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінде бастауыш білім берудің белгілі бір білім беру саласына енетін пәндер бойынша ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттар жүйесі түріндегі оқытудан күтілетін нәтижелер көрсетілген. Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады [2, 3 бет].

Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқушылардың нені істей білулері керек екендігін жан-жақты көрсететін критериалды бағалауға негізделген әр сыныпта күрделеніп отыратын оқу мақсаттары әзірленген. Оқу үдерісіндегі ілгерілеуді көру үшін оқу мақсаттары бөлім мен бөлімшелерге топтастырылған. Мысалы, математика пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады. Бұл бөлімдер сыныптарға арналған оқыту мақсаттары бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға арналған бөлімшелерден тұрады: [3, 7 бет].

1-кесте - Математика пәнінің мазмұны.

№	Бөлім	Бөлімше
1	Сандар және өлшемдер	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер
		1.2 Сандармен амалдар орындау
		1.3 Шамалар және оларды өлшеу бірліктері
2	Алгебра элементтері	2.1 Санды және әріпті өрнектер
		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
3	Геометрия элементтері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты
4	Жиын. Логика элементтері	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар
		4.2 Пікірлер
		4.3 Тізбектер
		4.4 Нысандардың комбинациялары
5	Математикалық модельдеу	5.1 Есептер және математикалық модель
		5.2 Математикалық тіл

Әр бөлімшелердің сәйкес оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқушыларды келесі оқыту мақсаттарымен таныстыруға мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделе отырып, оқушылар сан, алгебра, геометрия және математикалық модельдеу туралы білу арқылы математиканы түсінетін болады. Математикалық талдауды орындау арқылы оқушылар өз сұрақтарына және басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін білімдерін, рәсімдерді, әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданады.

Пән бойынша спиральді білім беру бағдарламасындағы ілгерілеуді оқу мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын күрделенуінен көруге болады. Мысалы, математика пәнінің оқу мақсаттарының бір мысалын қарастыратын болсақ, оқушылар екі таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыруды сандардың құрамының өсуіне қарай меңгереді және әр сыныпта жаңа білім қалыптастырады.

1 – кесте - Математика пәні бойынша оқу мақсаттарының ілгерілеуі.

1-сынып	1.1.1.2 бір таңбалы сандарды және 10 санын/ 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру
2-сынып	2.1.1.2 екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру

3-сынып	3.1.1.2 үш таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру
4-сынып	4.1.1.2 көп таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандарды берілген разрядқа дейін дөнгелектеу

Мұғалім оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес оқу мақсатын анықтаған соң, осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеп, олармен оқушыларды таныстыру арқылы, мақсаттарды бақылап, оқытуды реттеу арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сабақтың барысында мақсатқа жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Оқыту мен оқудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, тұлғалық дербестігін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет.

«Математика» пәні бойынша «Шамалар және өлшем бірліктері» бөлімшесіндегі *ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) /уақыт шамаларын ажырату; оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу* оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болуы, ал сабақтардың мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ мақсатында оқушының қадағалауға болатын іс-әрекеті, белсенділігі/мінез-құлқы сипатталып, оқушылар оқу нәтижесінде не үйренуге тиіс екеіі туралы жазылады. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында олар оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек.

Бұл:

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;
- сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;
- оқуды бағалауды жеңілдетуге;
- оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі. Ол үшін мұғалім әр сыныптың оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктейді. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар менің алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасайды.

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу;
- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кенестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалім өзінің қалауы бойынша іс-әрекет түрін қажеттілігіне қарай толықтыру.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс. Мысал ретінде математика пәніндегі жоғарыдағы келтірілген оқу мақсатына байланысты мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлеу жолдарын ұсынуға болады:

- оқушылар сызғыштың көмегімен сантиметр арқылы неіі өлшеуге болатынын қарастырады;
- жұмыс дәптерінің ұзындығы мен енін өлшеп, парталас көршісінің нәтижесімен салыстырады;
- өзі отырған партаның ұзындығын өлшеп, қандай қиындыққа кездескенін айтады (партаны сантиметрмен өлшеу қиын), дециметрге көшеді;
- қасықтың ұзындығын және өшіргіштің биіктігін өлшейді;
- жасыл және қызыл баудың ұзындықтарын өлшеп, қайсысы ұзын екенін жұпта талқылайды;
- сызғыштың көмегімен ұзындығы 1 см және 1 дм жолақтар сызып, бірін-бірі бағалайды.

Мұғалімдер барынша тиімді оқуды жоспарлау үшін төмендегідей бірқатар мәселелерді ескергені жөн:

Сабақта *көптеген* жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Бір сабақта мұғалім төрт, бес немесе одан да көп жаттығу түрлерін қамти алады. Аз уақыт алатын, айталық, минуттық жаттығу дайындауға болады. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне *біртіндеп ауысып*, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып болып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шыңдай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушыларда пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс.

Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сабақ жоспарында мұғалім:

- сабақ мақсатын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;
- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы (оқу жоспарындағы сабақ жоспарының үлгісін қараңыз);
- логикалық жағынан реттелген және оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуы;
- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;
- қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс.

Сондай-ақ, бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Мұғалім оқу жоспарларындағы оқу мақсаттарына жетуге ынталандыратын жаттығуларды қалай жоспарлауға болатынын көре алады. Оқушыларға оқу жоспарындағы жаттығулар аясында көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдалану қажет. Мұғалім оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеп, олармен оқушыларды таныстыру арқылы, мақсаттарды бақылап, оқытуды реттеу арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Әр сыныптың ерекшеліктерін ескере отырып оқу пәндерін оқыту арқылы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өз түсініктерін кеңейтуге және өзінің ой-пікірі үшін жауапты бола алуға, өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастыруға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге әртүрлі тәсілдердің көмегімен ынталандыруға негізделген оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерінің түрлерін пайдалана отырып сабақ жоспарларын құру, әрбір мұғалімнің өз шығармашылығы мен тәжірибесі болмақ. Осы орайда, «мақсатқа жету мүмкін болмаса, мақсатыңды емес, әдісіңді өзгерт» деген Конфуцийдің сөзінің аса маңыздылығына көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VI том [Электронды ресурс]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. М 90 Муканова С.Д. Вопросы развития школьного образования: Сборник статей. – Караганда, 2013. – 79 с.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 тамыздағы № 29031 Қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы № 348 Қаулысы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Математика» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығына қосымша [Электронды ресурс]. – URL: <http://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>
5. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. – Астана:

МУЛЬТИПЛИКАЦИЯ ТҮРЛЕРІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Душанова А.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Мультипликация мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Латынның «multiplication» және «anima» (жан, анимация) сөздерінен бастау алған бұл өнер пластилиннен немесе құмнан сызылған немесе жасалған сюжеттер мен идеяларды бейнелейтін бейнелерді өмірге әкелуге мүмкіндік береді. Көбінесе мультипликация тек автордың қиялында болатын сиқырлы ертегілер әлемін білдіреді. Мультипликация театр, кино, музыка және бейнелеу өнерінің элементтерін біріктіретіндіктен, ол кең ауқымды қызмет түрлерін қамтиды: әдеби шығармашылық пен сурет салудан аппликацияға, модельдеуге және, әрине, мультфильмдерді түсіру және монтаждау. Д.В. Вединский мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуді сәтті қолдануға болатын әртүрлі мультипликация әдістерін ұсынды: тегіс, көлемді және рельефті. Көлемді мультипликация декорациядағы қуыршақ кейіпкерлерін кадр-кадрға түсіруге негізделген. Тегіс суретке түсіру, өз кезегінде, сызбаларды немесе тегіс жерде орналасқан жалпақ қуыршақтарды түсіруді қамтиды. Рельефті мультипликация қолмен салынған және «тасымалдау» әдістеріне бөлінеді [1].

Қолмен салынған мультфильм жасау үшін балалардың негізгі сурет салу дағдылары болуы керек: әр түрлі композицияларды - сәндік, объектілерді бейнелеу немесе әңгімелеу, әртүрлі көркемдік материалдарды пайдалану, түстерді дұрыс таңдау және әртүрлі әдістерді меңгеру. Мультипликацияны қайта төсеу технологиясымен түсіру үшін қуыршақтар мен декорациялар дайындалуы қажет. Мультфильм-аударма жасау технологиялары мыналарға байланысты: қуыршақтар үшін қолданылатын материал (мысалы, мата немесе қағаз); фон жасалатын материал (қағаз, ағаш, тоқыма және т.б.); таңдалған кескіндеме техникасы (акварель, гуашь, пастель және т.б.); сурет салу құралдарының жиынтығы (қалам, қылқалам, қарындаш, фломастер, бор және т.б.) [1]. Қайта төсеу технологиясы өте қарапайым және мектеп жасына дейінгі балаларға қолдануға жарамды. Мультфильм жасау үшін алдымен бөліктерге бөлінген кейіпкерді сызып, қиып алу керек, содан кейін оларды сым топсаларымен байланыстыру керек. Негізгі процесс келесідей: кейіпкерді жылжытыңыз, қолды алыңыз - кадрды түсіріңіз. Бұған дыбыс әсерлері мен диалогтар қосылады [2]. Қуыршақ мультипликациясы, көлемді мультипликацияның бір түрі, сахна үлгісі мен қуыршақ актерлерін пайдалануды қамтиды. Көрініс шағын өзгерістермен кадр кадр жазылады. Кадрлар тізбегін қарау кезінде объектілердің қозғалысының әсері жасалады [3].

Рельефтік мультипликация жартылай немесе толық көлемді және көлденең бетке орналастырылған объектілерді кадр бойынша жазуға негізделген. Бұл түрге тікелей камераның алдында иілгіш материалдан фигуралар жасау, жартылай көлемді қуыршақтарды түсіру және сусымалы заттармен жұмыс істеу кіреді [1].

Ерекше мәнерлілігімен және икемділігімен ерекшеленетін құм және пластилин мультипликациялары да рельефті мультипликацияға жатады. Воинова А. анықтаған құм мультипликациясы - мультфильмнің баяндауын қалыптастыру үшін жеңіл үстелге құм құю арқылы кескіндер сериясын жасау. Мектеп жасына дейінгі балалар объектілердің өзгеруін оңай бақылап, құм мультипликациясына түзетулер енгізе алады [4].

Балшықтан жасалған мультипликация - бұл мультфильм техникасы, онда балшықтан жасалған заттар кадр арасында өзгеріп тұратын кадр бойынша түсіріледі. Мектеп жасына дейінгі балалар күрделі әсерлерге жүгінбестен объектілерде қозғалыс жасау үшін пластилинді оңай басқара алады және бос орындарды бірнеше рет қайта пайдалана алады [5].

Анимацияның дәстүрлі емес түрі көлеңкелі мультипликация болып табылады, мұнда баяндау актерлердің немесе қуыршақтардың көлеңкелі силуэттерін түсіру арқылы жасалады. Бұл әдіс декорацияны, кейіпкерлерді және түсіру процесін дайындаудың қарапайымдылығына байланысты балаларға қолжетімді [6].

LEGO құрылыс жинақтарын пайдаланатын LEGO мультипликациясы барған сайын танымал бола түсуде. Бұл технология мектеп жасына дейінгі балалардың құрылыс дағдыларын, қиялын және